

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жаңа Қазақстан - жаңа ғасыр

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.07.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/140983/>

Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің халыққа деген жолдамасында «Жаңа Қазақстан құрамыз» деп уәде еткен. Жаңа Қазақстанды құру үшін бұрынғы үкімет басында, министрлікте, әкімдікте отырған басшыларды өзгерту қажет. Жалпы елдің талабы әділеттілік және адалдығ екендігі баршаға аян. Халықтың үмітін ақтау — биліктегі отырған тұлғаларға байланысты. Лауазымды қызметте ұлтжанды, халық қамын ойлайтын, адал азаматтар отыруға тиісті. Халықтың әл-ауқаты, тұрмыс- тіршілігі тікелей билікке байланысты екені анық. Біз Жаңа Қазақстанды жаңа адамдармен ғана құра алатынымыз белгілі деген ойдамын. Қызметке әділ сайлау жолымен тағайындалған әлдеқайда тиімді болады. «Азаматына қарап ауылын таны» деген сөз тегін айтылмаған. Кез-келген мекеме басшысы халықтың нағыз қамын ойлайтын, жанашыр және адал болуы керек.

Жаңа ғасырға қадам басу жаңа сайланған қызметкерлермен, еңбекқор жандармен жүзеге асатыны белгілі. Сол себепті әр тұлға елге деген сүйіспеншілігін, қамқорлығын өз еңбегі арқылы керсете білуі қажет. Қазіргі заманда білімі мен ғылымы, технологиясы мен экономикасы дамыған ел алдыңғы қатарға шығары сөзсіз. Еліміздің жастары елдің болашағына зор еңбек сіңіруі қажет. Ол үшін жан-жақты білім алып, жаңа технологияларды меңгеріп, елдің келешегіне еңбектерің сіңіреді деген ойдамын. «Жаңа Қазақстан:

Жаңару мен жаңғыру жолы:

Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа аламыз» Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауынан.

Ойымды жүйелей келе, келешегімізді жарқын етуте- қазақ жастары өз үлесімізді қосайық демекпін! Саналы ұрпақ ұлттың қамын ойлауға тиісті!

Жаңа ғасырды ой-санасы жоғары жастар жасайтыны анық!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.